1 бөлім. Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның атауы	**«Мектеп – тұлға – болашақ»**
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	➢ **«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы** 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III. ➢ **Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Үкіметінің **2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы**. ➢ **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен** енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен. ➢ **«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 12 тамыздағы № 365**, **2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықтарымен** енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен. ➢ **«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 21 қарашадағы № 467**, **2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрықтарымен** енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен. ➢ **«Білімді ұлт – сапалы білім» ұлттық жобасын бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Үкіметінің **2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы** (жоба шеңберіндегі мақсаттар мен индикаторлар ескерілді). ➢ **«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығымен** енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен. ➢ **«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының **2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен** енгізілген өзгерістермен, **жаңа редакцияда** – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2023 жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы**.

	➢ **«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім беру, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы** ➢ **«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2023 жылғы 3 шілдедегі № 193 бұйрығымен** енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен. ➢ **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығымен** енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен. ➢ **«Мамандандырылған білім беру ұйымдарының желісін және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі оқу-әдістемелік кеңес туралы ережені бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2015 жылғы 1 шілдедегі № 428 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2022 жылғы 2 ақпандағы № 34 бұйрығымен** енгізілген өзгерістермен. ➢ **«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің **2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы** ➢ **«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы**, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығымен** енгізілген өзгерістермен. ➢ **«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы, жаңа редакцияда** – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының **2022 жылғы 17 тамыздағы № 371 бұйрығы**. ➢ **«Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы»**

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы** ➢ **«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы** ➢ **«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы** (инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың нормативтік негізі). ➢ **«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы** (оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесін реттейді). ➢ **«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ** (педагогтердің құқықтары, міндеттері, әлеуметтік кепілдіктері мен кәсіби дамуын қамтамасыз ету нормалары). ➢ **Өңірлік білім беруді дамыту бағдарламалары, жол карталары және жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілері** (Қызылорда облысы мен Қызылорда қаласының білім беруді дамыту жөніндегі бекітілген жоспарлары мен іс-шаралары шеңберінде). ➢ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2023 жылғы 19 маусымдағы № 196 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы** ➢ **2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 349 бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» тұжырымдамасы** ➢ Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі **«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм»** Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған басым бағыттарға сәйкес әзірленді.
Бағдарламаны әзірлеуші	Мектеп-лицейінің педагогикалық ұжымынан құрылған шығармашылық топ: директор Б.Дуйсенбаев Директордың орынбасарлары: Б.Аблаев, Т.Тастаева, Б.Жекенов, А.Айдарбекова, А.Алиев, А.Менлибаева Әдістемелік бірлестік жетекшілері: Р.Кокилова, А.Саркеева, С.Байменова, А.Ахметова, Ж.Дәуренбекова, Г.Абилдаева, А.Әбішева, Ж.Палымбетова, Ш.Меңлесбайұлы, М.Рашидінова, А.Канатбаева
Бағдарламаның мақсаттары	✓ **Оқушылардың зияткерлік және әлеуметтік әлеуетін дамыту** Оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және өмірлік дағдыларын дамыту арқылы олардың білім беру және әлеуметтік ортадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру. ✓ **Құндылыққа негізделген тәрбие жүйесін қалыптастыру** «Адал азамат», «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамалары аясында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, жауапты, отансүйгіш, құқықтық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеу.

	✓ **Білім мен ғылымды интеграциялау** Оқушылардың ғылыми-зерттеу, жобалық және инновациялық қызметін дамыту арқылы білім беру үдерісінің практикалық бағытын күшейту және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу. ✓ **Педагогтердің кәсіби дамуын жүйелеу** Үздіксіз кәсіби даму қағидатына негізделген, жаңа формациядағы педагогтер корпусын қалыптастыру, педагогтердің зерттеушілік, цифрлық және әдістемелік құзыреттілігін арттыру. ✓ **Білім беру процесінің барлық қатысушылары арасындағы серіктестікті нығайту** Оқушылар, педагогтер, ата-аналар және әлеуметтік серіктестер арасындағы өзара ықпалдастықты күшейту арқылы сенімге негізделген, ашық және қауіпсіз білім беру экожүйесін қалыптастыру. ✓ **Мектепті басқарудың тиімді моделін дамыту** Стратегиялық жоспарлау, деректерге негізделген басқару және сапаны ішкі қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру арқылы мектеп-лицейдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.
Бағдарламаның міндеттері	**Білім беру мазмұны саласында:** • **Білім беру мазмұнын икемді және бейімделмелі модельге көшіру** Оқушылардың жеке қабілеттері, қызығушылықтары мен болашақ кәсіби бағдарын ескере отырып, вариативті білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу арқылы оқу үдерісін әртараптандыру. • **Вариативтік компонент әлеуетін кеңейту** Жұмыс оқу жоспарының вариативтік бөлігі есебінен білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту: таңдау курстары, элективті пәндер, модульдік курстар, дамытушы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, авторлық бағдарламалар мен пәнаралық курстарды жүйелі енгізу. • **Бейіндік оқытуды дамытудың мектеп моделін қалыптастыру** Бейіндік сыныптарда оқытудың мазмұнын жаңғырту арқылы жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және шығармашылық бағыттарда оқушылардың білім траекториясын саналы таңдауға жағдай жасау. • **Білім беру мазмұнын жаңарту мен практикаға бағыттауды күшейту** Білім мазмұнын таңдауда өмірлік дағдыларды, функционалдық сауаттылықты, цифрлық және зерттеушілік құзыреттерді дамытуға бағытталған оқу модульдерін енгізу. • **Жеке білім беру траекторияларын іске асыру** Оқушылардың оқу жетістіктері мен қабілеттеріне сәйкес жеке және шағын топтарда оқытуды ұйымдастыру, білім алудағы тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. • **Жоғары сапалы білім беру қызметін ұсынатын мектеп моделін дамыту** Мектеп-лицейдің тиімді жұмыс істеуі мен тұрақты дамуын қамтамасыз ететін құқықтық, ұйымдастырушылық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешенін қалыптастыру. • **Инновациялық және авторлық тәжірибені енгізу**

	Педагогтердің шығармашылық әлеуетін қолдау арқылы жаңашыл, авторлық білім беру бағдарламаларын, пәнаралық жобаларды және эксперименттік курстарды оқу үдерісіне енгізу **Білім беру жүйесін басқару саласында:** • **Стратегиялық ойлайтын басқару моделін қалыптастыру** Мектеп-лицейдің даму басымдықтарын жүзеге асыруға бағытталған, икемді, дербестік пен жауапкершілікке негізделген басқару жүйесінің жаңартылған құрылымын әзірлеу және кезең-кезеңімен енгізу. • **Қоғаммен бірлескен басқаруды кеңейту** Қамқоршылық кеңес пен қоғамдық басқару тетіктерінің жұмысын жүйелі жалғастыру, олардың өкілеттіктерін нақтылау және шешім қабылдау үдерісіне ата-аналар мен әлеуметтік серіктестерді белсенді тарту. • **Қолдау қызметтерін интеграцияланған жүйеге көшіру** Мектептің ұйымдық құрылымында психологиялық, диагностикалық, әлеуметтік және ақпараттық-аналитикалық қолдау қызметтерін заманауи талаптарға сай жетілдіру және олардың өзара тиімді ықпалдастығын қамтамасыз ету. • **Ғылым мен практиканың бірлігін қамтамасыз ету** Ғылыми-зерттеу қызметін мектептің даму жүйесіне міндетті құрамдас бөлік ретінде енгізу, жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушыларын тарту арқылы пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері жұмысының нәтижелілігін арттыру. • **Нормативтік-құқықтық негізде басқаруды жетілдіру** Мектеп-лицей қызметін жергілікті атқарушы органдардың және уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілері негізінде жүйелі түрде реттеу және басқару шешімдерінің құқықтық ашықтығын қамтамасыз ету. • **Педагогтердің кәсіби дамуына арналған ғылыми-әдістемелік экожүйе құру** Педагогтердің кәсіби біліктілігін, зерттеушілік мәдениетін және шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында ғылыми-әдістемелік зертханалар ашу, теориялық, практикалық және психологиялық бағыттағы кәсіби даму алаңдарын (семинарлар, воркшоптар, коучингтер) жетілдіру. • **Деректерге негізделген басқару мәдениетін енгізу** Білім сапасын, педагогтердің кәсіби өсуін және оқушылардың жетістіктерін талдауға бағытталған ақпараттық-аналитикалық құралдарды пайдалану арқылы басқару шешімдерінің тиімділігін арттыру. **Тәрбие беру саласында:** ✓ **Құндылыққа негізделген тәрбие моделін қалыптастыру** Оқу-тәрбие үдерісінде қазақстандық патриотизмді, ұлттық тарих пен халықтық салт-дәстүрді құрметтеуге бағытталған, «Адал азамат» және «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамаларына негізделген жаңашыл тәрбие технологияларын іздестіру, жүйелеу, біріктіру және дамыту.

	✓ **Тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтауға қолдау көрсету** Оқушылардың бейіналды және кәсіби бағдарлануына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету арқылы олардың саналы таңдау жасауына және өмірлік жоспар құруына жағдай жасау. ✓ **Оқушылардың өзін-өзі басқару мәдениетін дамыту** Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының әлеуетін арттыру, көшбасшылық, жауапкершілік және азаматтық белсенділік дағдыларын қалыптастыратын демократиялық орта құру. ✓ **Отбасы–мектеп–қоғам серіктестігін нығайту** Ата-аналармен жүйелі әрі ашық ынтымақтастық орната отырып, тәрбие үдерісінде ортақ құндылықтарға негізделген тиімді ықпалдастық тетіктерін дамыту. ✓ **Қауіпсіз әрі қолайлы тәрбиелік ортаны қамтамасыз ету** Психологиялық жайлылықты, әлеуметтік бейімделуді және бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін тәрбиелік кеңістікті қалыптастыру. **Кадр саясаты саласында:** ✓ **Жоғары біліктілік санатындағы педагогтер үлесін арттыру** «Педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» санаттарына өтуге бағытталған мақсатты қолдау, әдістемелік сүйемелдеу және менторлық жүйесін дамыту арқылы педагогтердің кәсіби деңгейін көтеру. ✓ **Біліктілік санаты жоқ педагогтер санын кезең-кезеңімен қысқарту** Аттестаттауға даярлау, біліктілікті арттыру курстарына жүйелі тарту және кәсіби дамудың жеке жоспарларын іске асыру арқылы кадрлық сапаны жақсарту. ✓ **Үздіксіз кәсіби даму экожүйесін қалыптастыру** Lesson Study, Action Research, кәсіби оқыту қоғамдастықтары, коучинг және тәлімгерлік негізінде педагогтердің кәсіби өсуін тұрақты қамтамасыз ету. ✓ **Зерттеуші және жаңашыл педагог моделін дамыту** Педагогтердің ғылыми-зерттеу, жобалық және тәжірибелік-эксперименттік қызметке қатысуын кеңейту, жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен серіктестікті нығайту. ✓ **Цифрлық құзыреттілікті жүйелі арттыру** Барлық санаттағы мектеп қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығын арттыру, білім беру процесінде цифрлық ресурстарды тиімді қолдануға жағдай жасау. ✓ **Педагогтердің кәсіби жетістіктерін ынталандыру тетіктерін жетілдіру** Үздік педагогикалық тәжірибені тарату, шығармашылық бастамаларды қолдау және моральдық-материалдық ынталандыру жүйесін дамыту. ✓ **Жас педагогтерді қолдау және кадрлық сабақтастықты қамтамасыз ету** Жас мамандарды бейімдеу бағдарламаларын іске асыру, тәлімгер-педагогтер институтын дамыту арқылы кадрлық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

	✓ **Педагогикалық көшбасшылықты дамыту** Басқарушылық әлеуеті бар педагогтерді анықтау, оларды мектепішілік және өңірлік деңгейдегі көшбасшылық бағдарламаларға тарту. ✓ **Кадр саясатын деректерге негізделген басқару** Педагогтердің кәсіби дамуы мен нәтижелілігін мониторингтеу, талдау және басқару шешімдерін қабылдауда аналитикалық тәсілдерді қолдану. **Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету саласында** ➢ **Қаржылық жоспарлау мен бақылаудың заманауи механизмдерін енгізу** Мектеп-лицейдің даму стратегиясына сәйкес қаржы ресурстарының қозғалысын нақты жоспарлау және бақылау жүйесін құру, шығындарды тиімді басқару және қаржылық есептілікті ашық әрі автоматтандырылған түрде жүргізу. ➢ **Білім беру қаржысын әртараптандыру** Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру мақсатында бюджеттен тыс қорларды, демеушілікті және әлеуметтік серіктестіктерді тиімді пайдалану арқылы білім беру қызметін қаржыландырудың жаңа модельдерін енгізу. ➢ **Материалдық-техникалық базаны жаңғырту** Оқу процесін толық компьютерлендіру, аудиовизуалды құралдар мен оқу көрнекі жабдықтарды, ұйымдастыру техникасын және заманауи оқу құралдарын жүйелі сатып алу; кабинеттер мен үй-жайларды SANPin нормаларына сәйкес интерьерлік және функционалдық тұрғыдан жаңарту; жаңа буын жабдықтарын оқу мақсаттарына бағытталған пайдалану. ➢ **Инновациялық оқу инфрақұрылымын құру** Smart-класстар, виртуалды лабораториялар, интерактивті кабинеттер мен мультимедиялық оқу алаңдарын дамыту арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалық дағдыларын қолдау. ➢ **Қолжетімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету** Барлық оқу залдарын, спорттық және шығармашылық алаңдарды оқушылардың қолжетімділігіне сай және қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келетін етіп қайта жабдықтау. **Денсаулыққа бейімделген оқу ортасын қалыптастыру** Білім беру үдерісіне денсаулықты сақтайтын технологияларды енгізу, оқушылардың физикалық, психологиялық және эмоционалды саулығын қолдайтын оқу мен демалыс режимдерін жүйелі ұйымдастыру. ➢ **Салауатты өмір салтын ілгерілету** Оқушыларға салауатты өмір салтын практикалық тұрғыда меңгертуге бағытталған бағдарламалар, жобалар мен іс-шараларды кеңейту (спорттық жарыстар, фитнес-тренингтер, психологиялық сағаттар, дұрыс тамақтану және демалыс дағдылары). ➢ **Денсаулыққа инвестиция – болашаққа инвестиция**

	Мектеп инфрақұрылымында денсаулықты қолдайтын заманауи құрал-жабдықтар мен оқу алаңдарын пайдалану; мұғалімдер мен оқушыларға денсаулық сақтау практикасы мен психологиялық қолдауды жүйелі ұсыну. ➢ **Психологиялық-педагогикалық қолдауды интеграциялау** Оқушылардың эмоционалды және әлеуметтік саулығын арттыру үшін психологиялық-педагогикалық кеңес беру, топтық және жеке жаттығулар, стресс менеджменті сессияларын ұйымдастыру. ➢ **Денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған инновациялар** VR/AR, мобильді қосымшалар және интерактивті платформа арқылы денсаулыққа қатысты білімді практикамен үйлестіру.
Бағдарламаны іске Асыру мерзімдері мен кезеңдері	2025-2030 жылдар аралығы
Қаржыландыру көздері	Мектеп-лицейді дамытуға жыл сайынғы қаржы беруге сұраныс

1-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау
Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама

Заңды тұлға	
БСН/БИН	970240003864
Меншік түрі	Коммуналдық меншік
Ведомстволық тиістілік	Жергілікті атқарушы органдар
Индекс	120019
Лицейдің заңды және нақты мекен-жайы:	Еркін Әуелбеков №2
Мектептің толық атауы	Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Мектептің қысқаша атауы	"Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі"
Білім беру ұйымының типі	Орта білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта)
Телефон:	8 (7242) 27-63-83
E-mail:	5_litsey@mail.kz **Фейсбук:** https://www.facebook.com/share/17tkBHbVnf/?mibextid=wwXIfr **Инстаграм:** https://www.instagram.com/mektep.litsey_5?igsh=MWNubHVxMzk4aTl0YQ%3D%3D&utm_source=qr **Тик-Ток:** https://www.tiktok.com/@aimillio?_r=1&_t=ZS-93nQbyrdBXJ
Білім беру ұйымының сайты	https://5-school.edu.kz/
Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі:	
Басшы	Дуйсенбаев Бахытжан Жумабаевич
Білім беру ұйымының ашылу күні	26.01.1938ж
Салынған жылы:	1975ж 1 ғимарат, 1989ж 2 ғимарат
Лицензия берілген күні	09.06.2025ж

Жалпы мәліметтері:	Жалпы алаңы: 7258,8 Құрылыстың түрі: 1 ғимарат 6034,4 блоктан + 2 ғимарат 1224,4 кірпіштен Жалпы жұмыс ауданы: қабаттар саны - 1 ғимарат 4 қабатты 2639,53 + 2 ғимарат 2 қабатты 1224,4 Қосымша бөлмелер саны: 1 ғимарат 118, 2 ғимарат 35 Ғимараты: 2 Жылу жүйесінің түрі – орталықтандырылған Сумен қамтамасыз ету – орталықтандырылған
Жобалық қуаты	1 ғимарат 1104 орын 2 ғимарат 180 орын, жалпы - 1284
Бейне бақылау	Сыртта – 16 аналогтық 8 камера – 2012ж, 8 камера – 2020ж Іште – 32 цифрлық 2021ж Жалпы – 48
Білім беру тілі:	қазақ, орыс тілі
Типі:	Мектеп-лицей
Ауысым саны:	2
Материалдық-техникалық базасы:	Сынып бөлмелерінің саны – 47 Бастауыш класс – 12 Физика кабинеті - 1 Химия кабинеті - 1 Биология – 1 Математика кабинеті – 1 География кабинеті - 1 Информатика кабинеті – 1 Stem кабинеті – 1 Робототехника кабинеті – 1 АӘТД кабинеті - 1 Ағылшын тілі кабинеті - 1 Тарих кабинеті - 1 Қазақ тілінде оқитын сыныптарға арналған қазақ тілі және әдебиеті кабинеті - 1 Орыс тілі оқитын сыныптарға арналған қазақ тілі және әдебиеті кабинеті кабинеті - 1 Орыс тілінде оқитын сыныптарға арналған оыс тілі және әдебиеті кабинеті - 1 Қазақ тілінде оқитын сыныптарға арналған орыс тілі және әдебиеті кабинеті кабинеті – 1 Кәсіби бағыт беру кабинеті – 1 Басқа атауы жоқ сынып кабиенеттері - 12 Зертхана – 3 Медициналық пункт - 2 Педагог-психолог кабинеті – 1 Әлеуметтік педагог кабинеті – 1 Асханада отыратын отыратын орындар саны - 144

	компьютер саны - 71 ноутбук саны -75 субноутбук саны - жоқ Led экран саны - 1 интербелсенді панель саны - 18 планшет саны - 24 интернет жылдамдығы – 180 мбит/с
Оқушылар саны:1615	Бастауыш сынып (1-4 сыныптар) – 579 оқушы Негізгі мектеп (5-9 сыныптар) – 836 оқушы Орта мектеп (10-11сыныптар) - 200 оқушы
Оқушылардың ұлттық құрамы 10.02.2026 ж.	• Қазақ - 1336 • Орыс - 144 • Кәріс - 44 • Өзбек – 52 • Ауған – 1 • Гагауз – 1 • Азербайжан - 3 • Қырғыз - 2 • Молдаван - 1 • Неміс – 2 • Татар – 7 • Түрік – 12 • Украин – 1 • Шешен - 9
Педагогикалық ұжым	153
Оның ішінде:	Жоғары білімді – 153 Орта арнаулы – 2
Біліктілік санаты:	Педагог-шебер – 2 (1,2%) Педагог-зерттеуші – 50 (32,4%) Педагог-сарапшы – 42 (27,2%) Педагог-модератор – 42 (27,2%) Педагог - 17 (11%) Барлығы: 136 (педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор (88,3%).

Мектептің ішкі және сыртқы перспективаларын бағалау

PEST-талдау	
Саяси факторлар және даму перспективалары Саясат білім беру мекемесінің қызметіне, аймақтық және мемлекеттік білім беру саясатына, сондай-ақ жаһандық білім беру кеңістігінің дамуына тікелей ықпал етеді. Осы тұрғыда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын, стратегиялық құжаттар мен нормативтік-құқықтық актілерді сақтау білім беру ұйымдарының тұрақты дамуының негізгі алғышарты болып табылады. **Қолданыстағы нормативтік-құқықтық база** «№5 мектеп-лицейі» КММ өз қызметінде Қазақстан Республикасында білім беру саласын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады: • Конституциясы — барлық білім алушыларға тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді; • «Білім туралы» Заң (2007, №319) — білім беру саласындағы негізгі құқықтық негіз; • «Педагог мәртебесі туралы» Заң (2019, №293-VI ҚРЗ) — педагогтардың құқықтары мен міндеттерін реттейді; • Білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің №249 қаулысы) — стратегиялық даму бағытын айқындайды; • Үлгілік қағидалар мен оқу бағдарламалары, соның ішінде үлгілік оқу жоспарлары (Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), факультативтер және қосымша курстар; • Оқу басылымдары (оқулықтар мен ОӘК), әдістемелік нұсқаулар; • Ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау қағидалары; • Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру қағидалары; • Педагогикалық әдеп қағидалары және тәрбиелік бағдарламалар;	**Экономикалық факторлар және даму перспективалары** **Экономикалық факторлар** білім беру ұйымының қызметіне және оқушылардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді. Білім беру жүйесі халықты экономикалық белсенді тұлғаға айналдыруда шешуші рөл атқарады. Ол **нарықтағы еңбек талаптарына сәйкес негізгі және әмбебап дағдыларды** меңгеруге бағытталған. **Мектеп-лицей түлегінің академиялық және шығармашылық дайындығы** Мектеп-лицей түлектерін талдау көрсеткендей: • **Академиялық даярлығы жоғары**, оқу жетістіктері мен логикалық ойлау қабілеті қалыптасқан; • **Шығармашылық қабілеттері, ақпаратты құрылымдау және синтездеу дағдылары** жақсы деңгейде дамыған; • **Тапсырмаларды жауапкершілікпен және мұқият орындау** дағдылары қалыптасқан; • Алайда, **тыңдай білу және коммуникация орнату дағдыларының** әлсіздігі жиі кездесетін кемшіліктер қатарында. ✓Бұл көрсеткіштер түлектердің кәсіби және жеке дамуы үшін маңызды бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. **Қаржылық және кадрлық әлеует** • Орта білім сапасын арттыруда мектептің **қаржылық және кадрлық ресурстары** маңызды рөл атқарады. • **Магистр дәрежесі бар педагогтердің үлесі** — 18,1%; • **Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы санатындағы педагогтердің үлесі** — 88,3%; • **Жас мұғалімдердің үлесі (34 жасқа дейін)** — 14%. Аталған көрсеткіштер мектеп-лицейдің педагогикалық ұжымының **жоғары кәсіби деңгейін** көрсетеді және оқушылардың заманауи құзыреттерді меңгеруіне қолайлы жағдай жасайды. **Даму ұсыныстары** 1. **Коммуникация дағдыларын дамыту:** ○ Оқушылардың тыңдай білу және қарым-қатынас орнату

• Мемлекеттік жоспарлау жүйесі (ҚР Үкіметінің №790 қаулысы) және Президент Жолдаулары. Стратегиялық мәні • Заңдылық пен тұрақтылық • Нормативтік-құқықтық актілерді сақтау мектеп қызметінің заңдылығын қамтамасыз етеді. Білім сапасын арттыру: • Оқу бағдарламалары, үлгілік жоспарлар және әдістемелік нұсқаулар оқыту сапасын тұрақты мониторингтеуге мүмкіндік береді. Әлемдік стандарттарға сәйкестік: • Халықаралық PISA бағдарламасы, функционалдық сауаттылық және заманауи білім мазмұнына сәйкестік арқылы мектеп-лицейдің білім беру қызметі әлемдік стандарттарға сәйкес келеді. Стратегиялық даму: • Нормативтік-құқықтық база мектептің ұзақ мерзімді даму жоспарын құруға және жүзеге асыруға бағыт береді; • Педагогтардың кәсіби өсуін және оқу процесінде инновациялық тәсілдерді қолдануды қолдайды. Даму ұсыныстары • Нормативтік-құқықтық базаны үнемі жаңартып отыру: жаңа заңдар мен бұйрықтарды енгізу арқылы мектептің заңдылығын және сапаны қамтамасыз ету; • Педагогикалық ұжымның ақпараттандырылуы: нормативтік құжаттарды білу және оларды оқу процесінде тиімді қолдану; • Стратегиялық жоспарлау: нормативтік-құқықтық актілерге сүйене отырып, мектептің даму бағдарламасын ұзақ мерзімді мақсаттармен сәйкестендіру. Саяси факторларды тиімді пайдалану мектеп-лицейдің заңдылығын, білім сапасын және халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бұл фактор мектептің стратегиялық дамуы мен оқушылардың білім беру процесінде табысты нәтижелерге қол жеткізуінің басты негізі болып табылады.	қабілеттерін жетілдіруге бағытталған тренингтер мен жобалар енгізу. 2. **Педагогикалық әлеуетті арттыру:** ○ Жас мұғалімдерге тәлімгерлік жүйесін күшейту, кәсіби даму курстарын ұйымдастыру; ○ Педагог-шеберлердің тәжірибесін кеңейту арқылы инновациялық әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісіне енгізу. 3. **Экономикалық ресурстарды тиімді пайдалану:** ○ Қаржылық және кадрлық әлеуетті стратегиялық мақсаттарға сәйкестендіру; ○ Оқу сапасын бақылау, оқу нәтижелерін талдау және инновациялық жобаларды қолдау. Экономикалық факторлар тұрғысынан мектеп-лицейдің әлеуеті **оқыту сапасын тұрақты арттыруға**, түлектердің еңбек нарығында **бәсекеге қабілетті болуына** және заманауи дағдыларды меңгеруіне ықпал етеді.

Әлеуметтік-мәдени факторлар және даму перспективалары **Әлеуметтік-мәдени факторлар** білім беру мекемесінің қызметіне тікелей әсер етеді және мектептің дамуы мен оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Осы саладағы негізгі көрсеткіштерді екі бағыт бойынша қарастыруға болады: **Орта білімнің сапасы мен қолжетімділігі** • «№5 мектеп-лицейі» КММ-де білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау жүйесі енгізілген, соның ішінде **ББЖМ** және халықаралық **PISA (PBTS)** бағдарламасы бойынша 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланған. • Соңғы 3 жылда «Алтын белгі» төсбелгісін алу көрсеткіші — **100%**. • Жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі — **100%**, оқуын жалғастырмаған түлектер жоқ (**0%**). Бұл көрсеткіштер мектеп-лицейдің академиялық стандарттарға сәйкес келетінін және оқушылардың толыққанды дайындалуын айқын көрсетеді. **Орта және қосымша білімнің қолжетімділігі** • **Инклюзивті білім беру жағдайы** — 100%; • **Қосымша біліммен қамтылған оқушылар** — 87%; • **Оқушы орындарының тапшылығы** — 0%. Бұл — білім берудің барлық балалар үшін қолжетімді екенін көрсетеді және теңдік қағидаларының сақталуына кепілдік береді. **Талдау: кемшіліктер мен жетістіктер** **Нашарлаған көрсеткіштер:** • Педагогтардың біліктілік санаттары бойынша «зерттеушілерден шеберлерге дейін» өсу қарқыны төмен; • **Озық тәжірибе алаңы** (халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі тәжірибе алмасу) жеткілікті дамымаған; **Жақсарған көрсеткіштер:** • **Цифрлық технологияларды меңгерген мұғалімдер саны** артты; • **Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту** бойынша мұғалімдердің 100%-ы біліктілікті арттыру курстарынан өтті.	**Технологиялық факторлар және даму перспективалары** Қазіргі жаһандық тенденциялар орта білімнің маңыздылығы артып келе жатқанын көрсетеді. Орта білім кезеңі – жеке тұлғаның қалыптасуы, психологиялық тұрақтылық пен одан әрі даму әлеуетінің негізі қаланатын кезең. Осы тұрғыда әрбір бала тек білім алу ғана емес, **сапалы білім алу құқығына** толықтай ие болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес білімге қол жеткізу – барлық балалардың құқығы болып табылады. Осыған байланысты **технологиялық факторлар** білім беру жүйесінде ерекше рөл атқарады, себебі технологиялық прогресс оқу үдерісінің тиімділігін арттырады және білім берудің барлық салаларына әсер етеді. **Материалдық-техникалық база және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)** • Мектеп-лицей оқушыларының **100%-ы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген**, оның ішінде аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар да толық қамтылған; • **100% оқушылар оқулықтармен қамтамасыз етілген**; • Мектеп жылдамдықпен қамтамасыз етілген кең жолақты интернетке қосылған (ВОЛС) : 4 нүктеден 180 Мбит/с, 10 Мбит/с (ЕШДИ), Қазақтелеком 20 Мбит/с, 50 Мбит/с,100 Мбит/с және одан жоғары; • Лицейде **шығындарды басқарумен қатар, түпкілікті нәтижелерді бақылауға арналған жүйелер** енгізілген: ○ мұғалімдер мен оқушылардың бірыңғай статистикалық мәліметтер базасы; ○ қоғамдық бақылау органдарының қатысуымен мониторинг; ○ білім беру ұйымы мен оқушының заңды өкілдері арасындағы келісімдер; ○ электрондық журналдар және оқу процесінің этикалық кодекстері; ○ академиялық адалдық пен медиа мәдениет (мектеп сайты). **Даму мүмкіндіктері** • Лицейде **әрбір дарынды бала үздік әлемдік стандарттарға сәйкес білім алуға** мүмкіндік алады; • Ақпараттық технологияларды одан әрі интеграциялау арқылы **оқыту сапасын арттыру**;

Даму ұсыныстары: 1. **Педагогтардың кәсіби өсуін қолдау:** ○ Тәлімгерлік жүйені күшейту, жас мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету; ○ Педагог-шеберлер санын арттыру мақсатында ішкі және сыртқы тренингтер мен мастер-класстар ұйымдастыру. 2. **Озық тәжірибе алаңын кеңейту:** ○ Халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі тәжірибе алмасу платформаларын тиімді пайдалану; ○ Қатысуды ынталандыру арқылы педагогтардың инновациялық тәжірибесін арттыру. 3. **Сандық және инновациялық білімді дамыту:** ○ Цифрлық технологияларды қолдануды одан әрі жетілдіру; ○ Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған инновациялық әдістерді оқу процесіне интеграциялау. Осындай бағыттар әлеуметтік-мәдени факторларды тиімді пайдаланып, мектеп-лицейдің даму стратегиясын нығайтуға және оқушылардың заманауи дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді.	• **Электрондық басқару жүйелерін жетілдіру**: оқу үдерісінің мониторингі, оқушылардың үлгерімін талдау, тиімді кері байланыс; • **Мұғалімдердің цифрлық дағдыларын нығайту**, оқу процесінде инновациялық технологияларды қолдану. Технологиялық факторларды тиімді пайдалану мектеп-лицейдің **оқыту сапасын арттыруына, дарынды балалардың әлеуетін толық ашуына және білім беру үдерісін әлемдік стандарттарға сәйкестендіруге** мүмкіндік береді. АКТ және материалдық-техникалық ресурстардың жоғары деңгейі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етіп, әрбір оқушының білім алуына тең мүмкіндік береді.

Қорытындылар және шешімдер:

Мектеп-лицейдің әлеуетінің дамуына кері әсер ететін негізгі факторлар:
1. Мұғалімдер мен оқушылар үшін уақыт ресурстарының жеткіліксіздігі;
2. Оқушылардың сыныптық және сабақтан тыс іс-шараларға шамадан тыс жүктелуі;
3. Білім беру процесінің өзекті мәселелері бойынша мұғалімдердің шығармашылық топтарының оң тәжірибесінің жеткіліксіздігі;
4. Кабинеттердің заманауи техникалық оқу құралдарымен жеткіліксіз жабдықталуы;
5. Мектеп оқушыларының санының артуына байланысты оқу кабинеттерінің жетіспеушілігі және ауданды кеңейту мүмкіндігінің болмауы.

Осы факторларды ескере отырып, мектеп-лицейдің дамуына бағытталған шешімдер қабылдау, ресурстарды тиімді пайдалану және оқу процесін оңтайландыру маңызды.

Мектеп-лицейінің әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін факторлар:

- Кәсіби құзыреттілікті арттыруда педагогикалық ұжымның оң белсенділігі байқалады (педагог қызметкерлердің 100% - ы пәндер бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті).
- Педагогикалық шеберлік онкүндіктері, әдістемелік бірлестіктер, кафедра отырыстары үнемі өткізіліп тұрады.
- Ұжымда қолайлы әлеуметтік микроклимат құрылды.

- Негізгі және жалпы орта білім берудің білім беру стандарттарын орындау үшін жағдайлар жасалды, жалпы білім беру сапасының мониторингі регламенті әзірленді.
- Білім алушылар мемлекеттік қорытынды аттестаттау барысында негізгі және орта мектептің негізгі базалық пәндер бойынша курсы үшін білімдерін растайды.
- Дарынды және ынталы балалармен жұмыс жүйесі құрылды.
- Балалардың денсаулығын сақтау үшін жағдайлар жасалған.
- Мектептің нормативтік жергілікті базасы құрылды.
- Ата-аналардың мектепке, мұғалімдерге деген оң көзқарасы байқалады.
- Мектептегі өзін-өзі басқару және ата-аналар қоғамымен өзара әрекеттесу жүйесі дамуда, мектеп оқушыларының ата-анасы мен серіктес ұйымдарының өкілдерінен құрылған Қамқоршылық кеңесі, жоғары сынып үздік және белсенді оқушыларының мектеп Парламенті, Жас ұлан ұйымдары жұмыс атқарады.
- Бастауыш сынып оқушыларының білім бағдарламасын игеру мен білім сапасын көтеру мақсатында мектеп-лицейінде «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» жобасы іске асырылуда.

Жас мамандарға әдістемелік көмек беру мақсатында тәжірибелі ұстаздардың, дарынды балалардың «Daryn HAB» және «Жас ғалым» мектептері қызмет етеді.

Шешу жолдары:

- Әлеуметтік серіктестерді тарта отырып, дарынды және дарынды балалармен жұмыс тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты жетілдіру қажет.
- Оқушыларға жүктемені азайту мақсатында оқушылардың сабақтан тыс және сабақтан тыс іс-әрекеттерін жүйелеу.
- Оқушылардың білімі мен талантын дамытуға және жетілдіруге қатысу үшін мектеп мұғалімдерін тарту.
- Жүйеде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу.
- Ата-аналарды жалпы мектептік іс-шараларға қатысуға тарту.
- Оқушылар санын арттыру бойынша жұмысты жандандыру.
- Бастауыш сынып оқушыларының білім бағдарламасын игеру мен білім сапасын көтеру мақсатында мектеп-лицейінде «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» жобасы іске асырылуын жетілдіру.

Кадрлық ресурстар

Ішкі мықты жақтары:

- Педагогикалық кадрлардың жоғары кәсіби біліктілігі
- Жаңартылған форматтағы біліктілік санаттарының өсуі
- Үштілділік және деңгейлік курстар арқылы кәсіби даму

Ішкі осал жақтары:

- Біліктілік санаты жоқ мұғалімдер үлесі – 12%

Қолайлы мүмкіндіктер:

- Ұстаздардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға мотивацияны күшейту үшін көтермелеу жүйесін енгізу

Сыртқы қауіптер:

- Орыс тілінде оқытылатын сыныптар үшін кейбір пән мұғалімдерінің жетіспеуі

2. Материалдық-техникалық ресурстар

Ішкі мықты жақтары:

- Интернетке қосылған қазіргі заманғы оқу кабинеттері мен компьютерлік сыныптар
- Спортпен айналысу жағдайлары
- Тамақтану және медициналық қызмет көрсету
- Оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету
- «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» жобасы кабинеттерінің жабдықталуы

Ішкі осал жақтары:

- ЕББҚЕБ арналған орталықтың болмауы
- Арнайы пәндік кабинеттердің жетіспеушілігі: робототехника, лингафон, физика, биология, география, математика
- Оқушылар санының артуына байланысты кабинеттердің жетіспеушілігі

Қолайлы мүмкіндіктер:

- Цифрлық технологиялар алаңын құру
- Қосымша білім беру ортасын дамыту
- Кедергісіз білім беру ортасын құру және арнайы пән кабинеттерін жабдықтау

Сыртқы қауіптер:

- Жеткілікті қаржыландырудың болмауы
- Оқушылар мен педагогтер үшін ЕББҚЕБ қажеттілігін қамтамасыз ету қиындығы

3. Ақпараттық ресурстар

Ішкі мықты жақтары:

- Жоғары жылдамдықтағы интернет
- Bilimclass платформасын қолдану мүмкіндігі
- Оқыту сапасын мониторингтеу мүмкіндігі
- Мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістігі

Ішкі осал жақтары:
- Мектеп сайтындағы ақпараттандыру деңгейі төмен
- Басқарушы қызметті автоматтандыру жоқ

Қолайлы мүмкіндіктер:
- Онлайн оқыту мүмкіндігін дамыту
- Педагог қызметкерлердің интернет қауымдастықтарымен байланысын арттыру

Сыртқы қауіптер:
- Ата-аналардың онлайн платформалар туралы хабардарлығы төмен

4. Білім беру мазмұнын іске асыру

Ішкі мықты жақтары:
- Lesson Study зерттеулері
- Оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу

Ішкі осал жақтары:
- Педагогтердің бір бөлігінде оқыту үдерісін жаңғыртуға қатысты кәсіби икемділіктің жеткіліксіздігі;
- Шет тілдерін меңгеру деңгейін арттыру бағытында жүйелі жұмысты күшейту қажеттілігі.

Қолайлы мүмкіндіктер:
- ЖОО мен оқу орталықтарымен өзара әрекеттерді кеңейту
- Пәнаралық байланыстар мен интеграцияны күшейту
- STEAM-оқыту арқылы оқушылардың әлемге толық бейнесін қалыптастыру

Сыртқы қауіптер:
- Кейбір оқушылар мен ата-аналар жаңартылған білім мазмұнын қабылдауға дайын емес

5. Білім беру қызметіне қосымша білім беру және тәрбие жұмысы

Ішкі мықты жақтары:
- Қолайлы әлеуметтік орта және ынтымақтастық мәдениеті
- Басқару мен көшбасшылықтың заманауи тәсілдері
- Кадрлық құрамның тұрақтылығы
- Кәсіби желілік қауымдастықтармен тәжірибе алмасу

Ішкі осал жақтары:
- Қосымша білім беру мен тәрбие жұмысының кейбір түрлері жеткіліксіз дамыған

Қолайлы мүмкіндіктер:
- Мектептің халықаралық білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығын кеңейту
- Инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу

Сыртқы қауіптер:
- Контенттік (заңсыз/әдепсіз) және коммуникациялық тәуекелдер
- БАҚ-тың (интернет желісі, әлеуметтік желі) жас ұрпаққа теріс ықпалы

6. Білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту

Ішкі мықты жақтары:

- Оқыту сапасының оң динамикасы
- Мемлекеттік аттестаттау және ҰБТ нәтижелерінің оң көрсеткіштері
- Байқаулар мен олимпиадалардың жеңімпаздары

Ішкі осал жақтары:

- Білім сапасының жоғары пайызы жеткіліксіз (63%)
- 5-6 сыныптарда жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша төмен көрсеткіш
- Оқушылардың зерттеу және жобалау қызметі төмен

Қолайлы мүмкіндіктер:

- Оқушылардың оқу сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру
- Сараланған тәсілдер арқылы дарынды балаларды дамыту
- Сандық сауаттылық пен жаһандық құзыреттілікті дамыту

Сыртқы қауіптер:

- Дарынды оқушылардың шамадан тыс жүктелуі
- Интернетті бақылау және аттестаттау кезінде дұрыс қолданбау

7. Тәрбие және салауатты өмір салты

Ішкі мықты жақтары:

- Тәрбие жұмысының жүйесі
- «Біртұтас тәрбие» және «Адал азамат» бағдарламалары
- Қамқоршылық кеңес пен ата-аналар комитеті
- «Панфилов парламенті» мектеп парламентінің белсенді жұмысы
- «Балалар кітапханасы», «Панфилов жастары» дебат қозғалысы, «Сыр жастары» театр жобалары

Ішкі осал жақтары:

- Тең басқару мен өзін-өзі басқарудың жеткіліксіз дамуы
- Оқушылар мен ата-аналардың қызығушылығы жеткіліксіз

Қолайлы мүмкіндіктер:

- Басқару моделін жетілдіру
- Қоғаммен байланысты нығайту
- Инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу

Сыртқы қауіптер:

- Контенттік тәуекелдер (заңсыз/әдепсіз материалдар, алаяқтық)
- БАҚ-тың теріс ықпалы

Салауатты өмір салты:

- Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары, медициналық-психологиялық-педагогикалық консилиум

- Ыстық тамақпен қамту
- Қосымша білім беру және спорт секцияларымен қамту
- Ата-аналар мен балалардың дене шынықтыруға қызығушылығы төмендігі

Қауіптер:

- Кейбір оқушылардың спортпен айналысуға мүмкіндігінің шектеулі болуы
- Дұрыс тамақтанбау және салауатты өмір салтын ұстанбау

2025–2030 жылдарға арналған мектептің даму жоспарына SWOT-талдау

Жүргізілген SWOT-талдау нәтижелері мектептің даму әлеуетінің негізінен ішкі ресурстарға сүйенетінін көрсетті. Педагогикалық ұжымның кәсіби және шығармашылық әлеуеті, әлеуметтік серіктестік тәжірибесі, мектепішілік өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасуы мен мемлекеттік-қоғамдық басқару органдарының белсенді жұмысы мектептің тұрақты дамуына берік негіз қалайды.

1. Стратегиялық бағыттың негізділігі. 2025–2030 жылдарға арналған даму жоспары білім беру ортасы мен білім беру процесіне қатысушылардың үйлесімді дамуы қағидатына негізделіп, мемлекеттік білім беру стандарттарын сапалы игеру мен оқу нәтижелерін әділ бағалауға бағытталған. Бұл бағыт қазіргі білім беру саясатының басымдықтарымен толық сәйкес келеді және мектептің ұзақ мерзімді даму мақсатын нақты айқындайды.

SWOT-талдау нәтижелері сыртқы мүмкіндіктер мен тәуекелдердің мектеп дамуына шешуші ықпал етпейтінін көрсетті. Осыған байланысты даму жоспарының негізгі басымдығы ретінде ішкі даму әлеуетін тиімді пайдалану, басқару мен оқытудың инновациялық технологияларын енгізу дұрыс таңдалған.

2. Білім алушылар контингенті бойынша анықталған мәселелерге талдау

Бастауыш сыныптан жоғары буынға өткен сайын білім сапасының төмендеуі оқу сабақтастығының әлсіздігін және оқу мотивациясының төмендеуін көрсетеді. Қосымша біліммен қамтудың жеткіліксіздігі оқушылардың қабілеттерін толық ашуға кедергі келтіреді, ал олимпиадалар мен ғылыми жобалардағы нәтижелердің төмендігі дарынды балалармен жүйелі жұмыстың жеткіліксіздігін айғақтайды. Отбасы мен мектеп арасындағы тиімді ынтымақтастықтың болмауы тәрбиелік жұмыстың нәтижелілігіне тікелей әсер ететін фактор болып табылады. Осы мәселелерді шешу даму жоспары шеңберінде білім алушылардың жеке білім беру траекториясын дамытуға, қосымша білім беру қызметтерін кеңейтуге және ата-аналармен серіктестік моделін жетілдіруге бағытталған шараларды талап етеді.

3. Педагогтердің кәсіби дамуына қатысты мәселелерді бағалау

Мұғалімдердің кәсіби шаршауы мен педагогикалық тәжірибені жаңартуға құлықсыздық кадрлық әлеуеттің сапалы дамуына қауіп төндіреді. Бұл жағдай кәсіби қолдау жүйесінің жеткіліксіздігін, ынталандыру тетіктерінің әлсіздігін көрсетеді. Даму жоспары шеңберінде педагогтердің кәсіби әл-ауқатын қолдау, үздіксіз кәсіби даму жүйесін жетілдіру, тәжірибе алмасу алаңдарын кеңейту және инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу арқылы бұл мәселені шешу көзделуі қажет.

4. Материалдық-техникалық базаның жай-күйіне талдау

Мектеп-лицейдің 2016 жылдан бері күрделі жөндеуден өтпеуі, су құбыры жүйесінің тозуы, оқу кабинеттерінің жетіспеушілігі білім беру

сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторлар болып табылады. АӘТД, лингафон, робототехника кабинеттерінің және ЕББҚ бар білім алушыларға арналған инклюзивтік орталықтың болмауы қазіргі білім беру талаптарына толық сәйкес келмеуге әкеледі. Осыған байланысты даму жоспары материалдық-техникалық базаны кезең-кезеңімен жаңғыртуға, инклюзивті және цифрлық білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

5. Желілік ынтымақтастықты дамыту мәселелеріне талдау

Техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдары мен оқу орталықтарымен педагогикалық қызметтің жеткіліксіз үйлестірілуі білім беру мазмұнының сабақтастығына кері әсер етеді. Бұл мәселе мектеп түлектерінің кәсіби бағдарлануына және білім алудың үздіксіз траекториясын құруға кедергі келтіреді. Даму жоспары аясында желілік ынтымақтастықты жүйелеу, бірлескен білім беру жобаларын іске асыру және педагогтердің сыртқы кәсіби қауымдастықтармен өзара әрекеттесуін күшейту маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

6.Қорытынды

2025–2030 жылдарға арналған даму жоспары жүргізілген SWOT-талдау нәтижелеріне толық сәйкес келеді және мектептің негізгі проблемалық аймақтарын кешенді түрде шешуге бағытталған. Даму жоспарын іске асыру педагогтердің кәсіби дамуын қамтамасыз етуге, білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға, материалдық-техникалық базаны жаңғыртуға және мектептің ашық, инновациялық білім беру ортасы ретінде дамуына мүмкіндік береді.

Мектептің 2023-2026 жылдардағы білім беру жүйесінің жағдайына талдау

1.Оқушылар контингенті. Жылдар бойынша білім алушылар контингентінің динамикасы

Оқыту кезеңдері	2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы			2024-2025 оқу жылы		
	Саны		Сыныптағы оқушылардың орташа саны	Саны		Сыныптағы оқушылардың орташа саны	Саны		Сыныптағы оқушылардың орташа саны
	сыныптар	Оқушылар саны		сыныптар	Оқушылар саеы		сыныптар	Оқушылар саны	
1-4 сынып	2+28	134+750	30	2+27	37+707	26	24	586	25
5-9 сынып	30	780	26	32	838	27	32	831	26
